


Тақырыбы: «Дінтану негіздері»



Дін- адам баласының
Жаратушыға, айнала қоршаған
ортаға деген наным - сенімі.
Дін-адамдар арасындағы бірлік
пен ынтымақтастыққа ерекше
мән береді. Имандылыққа
жетелейді.

Дін туралы:


Дін – адам мен мінсіз болмыстың (Алланың, Жаратушының) табиғи байланысы туралы сана.

Дінді зерттейді:

теология

атеизм

дінтану

The background features a stylized illustration of a mosque. On the left, two tall, slender minarets with green-tipped domes rise against a blue sky. In the center, a large, dark brown dome with a white base is visible. The mosque's facade is characterized by a series of arches, some in shades of red and grey. The overall style is flat and graphic.

*Әлемдік беделге ие
болған діндер
қатарына будда,
христиан, ислам
(мұсылман) діндері
жатады.*



*ҚР-ның Ата Заңы-
Конституциясының 1- бабында
Қазақстан зайырлы мемлекет» деп
жазылған.*

*Қазақстанда ешқандай дін
мемлекеттік емес, қай дінге кіру,
кірмеу - азаматтың өз еркі
делінген.*

The background of the image shows a long conference table with several people seated behind it. The table is covered with a white cloth and has blue nameplates. In the foreground, there are large floral arrangements in shades of blue and yellow. The background wall is blue and features a large circular logo with a torch in the center. Text in various languages is visible on the wall, including "LEADERS OF DIVERSE FAITHS AND TRADITIONAL BELIEFS" and "ALTOON".

*Бүгінгі күні елімізде 3000 діни
ұйым, 40 конфессия, 100
этникалық топтар,
1652 мұсылмандық ұйым, 1523
мешіт бар. Орыстардың
православаиясында
3 епархия, 280 приход, 8
монастырлері жұмыс істейді.*

Қазақстандағы басты діндер



67-70 %

Христиан

Католик

Православ

Протестант



Терминдер сөздігі

Атеизм

құдайды жоққа шығару

Авеста

зороастризмдегі киелі мәтіндер жинағы

Анимизм

жан мен рухқа сену

Аят

Құран сүрелерінің аяқталған ойды білдіретін бір бөлігі

Библия (Інжіл)

Иса пайғамбарға түскен діни кітап

Брахмандар

индуизмдегі каста өкілдері

Жихад

нәтижеге, мақсатқа жету үшін қайрат жұмсау, күресу

Конфессия

діни сенім

Қағба

жер бетінде тұрғызылған тұңғыш құлшылық орны

Ламаизм

Моңғолия, Тибет және т.б. елдерге таралған буддизм ағымы

Политеизм

көп құдайдың барлығына негізделетін діни жүйе

Мазхаб

исламдағы діни құқықтық мектеп

Монотеизм

бір құдайға шақыратын діни сенім

Мокша

азат ету, адамзат тіршілігіндегі мақсаттың соңғы жетістігі

Мессия

Құдай жер бетіне жіберген құтқарушы, Қиямет күнінің хабаршысы

Секта

орнықты діни ілімге оппозициялық ағым

Сенагога

иудаизмдегі құлшылық ету үйі

Синтоизм

Жапонияға таралған дін

Фетишизм

жансыз заттардың тылсымдық қасиеттерін сенімге айналдыру

Теология

құдайтану пәні

Көне Египет құдайлары

Амон-Ра – Күн құдайы

Анубис –

Бает –

Исида –

Ренеутет –

Сиа –

Сохмет –

Тэфнут –

Маат –

Хатор –

Ху –

Гор –

Сет –

Осирис –

Көне Грекия құдайлары

Найзағай құдайы – Зевс

Махаббат пен сұлулық құдайы –

Теңіз құдайы –

Жер асты дүниесі құдайы –

Әділет құдайы –

Соғыс құдайы –

Диқаншылық, молшылық құдайы –

Даналық, өнер, кәсіпкерлік ұдайы–

Жүзімшілік пен шарап жасау

құдайы –

Күн құдайы –

Жартылай адам, жартылай бұқа –

Аңшылық құдайы –

Қолөнер құдайы –

Зевстің әйелі –

Ең ақылды әйел құдай Афинаның

анасы-

Үндістандағы діндер

Индуизм
(б.з.б. I мыңжылдық)

“Махабхарата”,
“Рамаяна”
эпостары,
“Бхагават-Гита”
өсиеттері

Кришна мен
Раманың туған
күндері, Ганеша мен
Шиваға өткізілетін
салтанаттар

Брахманизм
(Б.з.б. X-VII ғ.)

Вишвакарман және
самұрық құдай
Праджапати сияқты
құдайлары бар

Иудаизм діні:

- Біздің дәуірімізге дейінгі II мың жылдықта Солтүстік Арабияның көшпелі еврей тайпаларының полиатеистік сенімдері мен ырымдарының негізінде пайда болды. Біздің дәуірімізге дейінгі XIII ғасыр [Палестинаны](#) (Ханаан) жаулап алады. Иудаизмнің қалыптасуына [Яхве](#) құдайын асқақтатушы [Иуда тайпасы](#) (атауы осыдан шыққан) ерекше ықпал еткен. Соңынан Яхве жалғыз құдайға айналады. Иуды тайпасынан шыққан [Давид патша](#) (біздің дәуірімізге дейінгі 977 жылы шамасы) заманында [Израил-Иудейлік патшалық](#) күшейіп, иудейлер тегі пұрсатты жағдайға ие болды. Иудаизмде діни ілім мен асқақтату ертеден басталады. Оларға жататындар:
 - Құдай, Дүние, Адам жайлы ілім;
 - діни асқақтатудың тәртібі;
 - моральдық-өнегелік қарым-қатынастар кодексі;
 - діни институттар жүйесі;
 - Құдай аңдамалылығының тұжырымы;
 - Мессианизм - Құдайдың елшісінің немесе маңдайына бақ қонғандардың Мессияға келуі, Құдай патшалығының орнауы.

Негізгі құндылықтары:

1. Ата-ананы қадірлеу, қастерлеу.
2. Адамдар арасындағы татулық.
3. Кекшіл болмау, қателіктерді кешіре білу.
4. Кісіге қол жұмсамау.
5. Өтірік айтпау.
6. Біреудің мүлкіне көз сүзбеу, күншілдіктен аулақ болу.

*Әлемдік
діндер*

```
graph TD; A[Әлемдік діндер] --- B[Буддизм]; A --- C[Христиан]; A --- D[Ислам];
```

Буддизм

Христиан

Ислам

Ислам діні – дүние жүзілік діндердің ішінде ең кеш шыққан жас дін. Ол біздің заманымыздың VII ғасырында арабия түбегін мекендеген тайпалар алғашқы қауымдық қатынастардан таптық қатынастарға көше бастаған кезде құл иеленушілік идеологиясы ретінде дүниеге келді. Тарихи деректерге, әдеби аңыздарға сүйенсек, Ислам діні Арабиядағы Хиджаз өлкесінің ең ірі қаласы – Меккеде шықты. Арабия елі бірқатар бай елдердің орталығы болды. Олар: Рим, Византия, Египет, Иран және басқа елдер бір-бірімен сауда қатынасын жасаған кезде Арабия жерін басып өтетін.

Осыған байланысты Араб феодалдары жер келері боуымен бірге, құл жұмсаудан, құл сатудан орасан зор табыс түсіріп отырды. Сонымен бірге, Мекке ерте уақыттан бастап-ақ діни орталық болып саналатын. Меккенің орталығындағы Зәмзәм су сөзі, оның жанындағы Әулиелі қағатас Қаабы Храмы көшпелі бадауиелердің өз құдайына табынатын орны болды. Бұл кезде әрбір рудың өздерінің рулық құдайы болды. Олардың бейнесі Қаабаның маңдайына орналасқан болатын. Кейбір мұсылман аңыздарында Қааба мен Зәмзәм су көзін Ибрагим пайғамбар мен оның ұлы Исмаил салған деген деректі де кездестіреміз. Меккенің орналасқан жері егін шаруашылығымен де, мал шаруашылығымен де айналсуға қолайсыз болды. Сондықтан меккеліктер шамаларына, қолдарындағы қаражаттың мөлшеріне қарай Мекке шонжарларына сауда керуендеріне қосылатын.

Негізгі құндылықтары:

1. Бейбітшілік.
2. Татулық.
3. Тыныштық.
4. Кешірімділік.
5. Мейірімділік.
6. Адамгершілік.
7. Тазалық.
8. Әділдік



Христиан діні:

Христиан біздің дәуіріміздегі I ғ. Рим империясының шығыс бөлігінде пайда болған. Рим жаулап алушыларының дәуірінде бағынған шығыс халықтарының ескі тайпалық діндері кері кетті. Құлдар мен басқа елдердің халқына, торыққан миллиондаған адамдарға римдік ұлттық көңілдеріне жұбаныш әкеле алмады. Сондықтан, барлығына түсінікті жарқын дін керек болды. Христиан этникалық ерекшеліктеріне бөлмейтін барлық адамдарға тең дін ретінде пайда болды. Христиан да басқа діндер сияқты түксіз жерде пайда бола салған жоқ. Оған діндарлар ғана емес, сонымен бірге шығыс халықтарының көптеген философ өкілдері әсер етті. Христианға шығыстың діни құрылымдарынан қатты әсер еткені иудаизм болды.

Негізгі құндылықтары:

СЕНІМ

ҮМІТ

СҮЙІСПЕНШІЛІК

Будда діні

Ал, дәстүрлі діндердің ішіндегі біршама көнесі – Буддизм. Бұл дін өзінен көп бұрын пайда болған хиндуизмнің тамырынан нәр алған. Ежелгі үндістандықтардың тарихымен үндесіп, дамыған хиндуизмнен салт-дәстүр, аңыз, символизмнен бастап философиялық ойлар мен пайымдарға дейінгі көп ілімдерді мұра етіп қабылдады. Будда адам баласының дүниеге келуі мен қайтуының циклін түсіндірді. Онда пенде өзінің жасаған әр ісінің нәтижесі мен салдарын көреді деген философиялық тұжырым жасалады. Дәл бүгін тірі организм болып жүрген тәніңіз бұрынғы тірлікте жасаған ісіңіздің нәтижесі деп танытты. Өмір дегеніміздің өзі өлімнің тікелей жалғасы. Аталмыш цикл үзілмейді. Әр жан иесі қиналады, осы ауырпалықтың бәрі оның бұрынғы тірлікте жасаған «иттіктерінің» салдары. Ал, қиналмау үшін бейнеттің өзімен емес, соны тудырған себеппен күресу қажеттігін уағыздады. Себептің өзі бұрынғы тірлікте өтіп кететіндіктен уақытты кері қайтара алмайсың. Сондықтан, тек қана кейін қиналмау үшін алдағы бейнеттің салдарын бүгін тудырмауың керек. Будданың адал өмір сүру жайындағы қағидасы осы тұстан туған. Оны қазақы ұғымға салсақ, «не өксең соны орасың» дегенге келіп саяды. Ғылыми түрде істің нәтижесінен туатын жауапкершілік ретінде түсінуге негіз бар. Осы дүниедегі тірлікте жақсылық жасасаң кейінгі өміріңде жемісін көресің, ал, жамандық істесең азабын тартасың дегеніне қарап адамның қалай болуы тек өзіне байланысты екендігін аңғаруға болады. Будда қайтыс болғаннан кейін шәкірттері оның қағидаларының басын құрап Трипитика атты ғибратнамасын жарыққа шығарған. Тағы бір туындысы бар, ол Дармапад аталады. Будда шәкірттерінің «Нама будаяа, нама дармаяа, нама сангаяа», яғни, «буддаға табынайық, будданың қағидасына табынайық, оның ғибратнамасын таратушыларға тағы бас иейік» деген мағынаны білдіретін сөзі кейін «үш асыл» аталып кеткен.

Негізгі құндылықтары:

Өмір
дегеніміз
азал

Азалдың себептері
бар, оның көзі –
адамның қалау-
тілегінде,
ниетінде

Азалдан
құтылуы
мүмкін, оның
бақыты күнін
“Нирвана” деп
атайды

Ортадағы тура
жол, оның мәні
адам қалауын
тәркі етуде
болып
табылады

қолдары:

“Мұсылман діні мен христиан діні – Қазақстанның рухани дүниесінің қос қанаты. Қай діннің болса да өмір сүруге құқығы бар. Ал адамдарда оларды таңдау құқығы, ождан бостандығы болуы тиіс... Құдайға құлшылық ету жас кезде де, егде тартқанда да жарасады.”

Н.Ә. Назарбаев





Назарларыңызға рахмет!